

FTAХР 03.01.11

А.Ф. Ғазиз<sup>1</sup><sup>1</sup>Қазақ ұлттық хореография академиясы  
(Астана, Қазақстан)**«ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІ ҚЫРЫ»: ТАРИХИ САНАНЫҢ ҚА-  
ЛЫПТАСУЫ****Аннотация**

Мақалада автор Елбасы Н.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы арқылы тарих ғылымының бұған дейінгі жетістіктері мен болашаққа бағыт-бағдарын көрсетеді. Сонымен қатар, автор Қазақстанның тарихы туралы білім – ел жастары отансүйгіштігінің кепілі кендігін дәлелдейді. Өткен тарихымызсыз – болашақтың бұлыңғыр болатын көрсетеді.

**Тірек сөздер:** тарих, Ұлы дала, мәдени мұра, Алтын адам, мәдениет.

А.Г. Газиз<sup>1</sup><sup>1</sup>Казахская национальная академия хореографии  
(Астана, Казахстан)**«СЕМЬ ГРАНЕЙ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ»: ФОРМИРОВАНИЕ  
ИСТОРИЧЕСКОГО СОЗНАНИЯ****Аннотация**

В статье показаны прошлые достижения исторической науки и тенденции будущего, согласно концепции статьи Лидера нации Н.Назарбаева «Семь граней Великой степи». Автор доказывает, что историческое знание Казахстана – залог патриотичности молодежи страны.

**Ключевые слова:** история, Великая степь, культурное наследие, Золотой человек, культура.

A.G. Gaziz<sup>1</sup><sup>1</sup>The Kazakh National Academy of Choreography  
(Astana, Kazakhstan)**«SEVEN FACETS OF THE GREAT STEPPE»:FORMATION  
HISTORICAL CONSCIOUSNESS****Annotation**

The article shows the past achievements of historical science and directions to the future through the article of the Head of State N. Nazarbayev "Seven sides of the Great Steppe". At the same time, the history of Kazakhstan should stimulate the proud and patriotic feelings of the younger generation. Without a past history, it shows the future.

**Keywords:** history, Great steppe, cultural heritage, Golden Man, culture.

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті

қыры» мақаласында Ұлы даланың тарихымен таныстырып, рухани-ятты сақтауға бағытталған алты жоба ұсынылып отыр. Тәуелсіздік алғалы үшінші мәрте тарихымызды түгендейтін бағыт-бағдар алып отырмыз. «Мәдени мұра» – ақтаңдақтарды қалпына келтіріп, өшкенімізді жандырса, «Рухани жаңғыру» – ұлт тарихын таныстыратын даңғыл болды. «Ұлы даланың жеті қыры» – ұрпақтар мақтанатын, арғы тегін әлемге батыл әрі айқын насихаттайтын төлқұжат. Енді осы мақаланы ұран етіп, Қазақстан тарихын тереңдетіп жазуға болады [1, 2 б.]. Өйткені, тарихын білген ел ғана өткеннен сабақ алып, жарқын болашаққа жол тауып, жетістіктерге жетеді. Ұлы даланың жеті қырының кез келгені – Қазақ елінің өміріндегі ерекше мұра.

Мақала Қазақстан ғылымының, бірінші кезекте тарих ғылымының соңғы 70 жылдан астам уақыт барысында ашқан ұлы жаңалықтарына терең әрі дәлме-дәл саяси баға беруімен ерекшеленеді. Осы орайда 1945 жылы құрылған Тарих, археология және этнография институтының, 1946 жылы шаңырақ көтерген Қазақ КСР Ғылым академиясының отандық интеллектуалды әлеуетті арттырған үлесін тани білудің жөні бөлек. Айталық, Ұлы Даладағы ежелгі металлургия, аң стилі туралы айтқанда алдымен ғұлама ғалым Ә.Марғұланды, Алтын адам, орта ғасырдағы Отырар жайлы сөз болғанда жаны жайсаң Қ. Ақышевті, Ұлы Жібек жолының күдіреті мен құпиясын қозғағанда академик К.Байпақовты ұлықтайтынымыз заңды құбылыс [2, 78 б.]. Ал атқа міну мәдениетінің археологиялық-этнологиялық астарын ашуға З.Самашев, Зайберт, А.Тоқтыбай сынды ғалымдар баға жетпес үлес қосты. Ғылымға, оның табыстарына, келешегіне дұрыс саяси баға берудің нарқы өте жоғары екенін Тұңғыш Президентіміздің тарихи көзқарасы бірде эволюциялық, бірде революциялық сипатта қалыптасты. [3, 18 б.]. Мәселен, саяси қуғын-сүргін құрбандарын, Алаш арыстарын ақтауға, кәмпеске мен ауыл шаруашылығын ұжымдастыру ақ-қарасын анықтауға комиссиялар құруы тоталитарлық ой-санамен біржолата атқұйрығын кесіскенін бейнелесе, ұлттық тарих жылын жариялауы (1998), «Тарих толқынында» кітабының дүниеге келуі (1999) эволюциялық кемелденудің жұлдызды сәттері екен. Тарихты зерттеуде ғана емес, оны түзуде де эволюциялық қағидатқа басымдық беру түпкілікті орнағаны «Мәдени мұра», «Халық тарих толқынында» бағдарламаларынан, Қазақ хандығының 550 жылдығын ұлықтаудан, «Тәуелсіздік дәуірі» кітабынан барынша жарқырай көрінді. Бұлар айтуға ғана жеңіл белестер мен өзгерістер. Ал олардың отандық тарих ғылымына ықпалы мен тигізген шарапатын санап тауысу мүмкін емес. Жаңадан факультеттер, ғылыми-зерттеу институттары, мамандықтар ашылды. Зерттеудің теориялық, методологиялық ұстанымдары жалпыадамзаттық басымдыққа суғарылып, таптық, моноцентристік, еуропацентристік көзқарастан құтылды. Тарихтың де-

ректік базасы көз көріп, құлақ естімеген ақпаратпен байыды. М. Шоқайдың шығармалары 12 том, Ә.Бөкейхан мұрасы 15 том, Қазақ тарихына қатысты Қытай, моңғол, араб, парсы, Еуропа деректері 5-10 том көлемінде қолымызға тиетінін өңіміз түгілі түсімізде де көре алған жоқпыз [4, 5 б.]. Дегенмен ұлттық тарихнамаға Елбасы әкелген эволюция мен диалектиканың, жаңашылдық пен серпілістің алтын тәжі былтырғы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», биылғы «Ұлы даланың жеті қыры» мақалалары дер едім. Бұл екі еңбек тәуелсіз Қазақстанда бұрынғыдан мүлде өзгеше жаңа тарих ғылымы қалыптасқанын тиянақтады. Елбасы мақаласы ғылыми жаңалық ашуды, ғылыми нәтижені дәлелдеуді көздемейді. Оны оқыған жан автордың ғылыми әлемі мен танымы аса биік жаңа деңгейге көшкенін, оның өзегі гуманитарлық жаңа ғылымды орнықтыру екенін күмән-күдіксіз қабылдайды. Бұл – бір. Екіншіден, тарих пен қазіргі заманды, ғылым мен практиканы қазақ топырағында ұштастырудың үздік моделін тапқанына көзі жетеді. Өйткені мақала тілімен айтсақ, «уақыт пен кеңістіктің көкжиегі тоғысқан кезде ұлт тарихы басталады». «Көпқырлы әрі ауқымды тарихымызды дұрыс түсініп, қабылдай білуіміз керек. Біз басқа халықтардың рөлін төмендетіп, өзіміздің ұлылығымызды көрсетейін деп отырғанымыз жоқ [5, 1 б.]. Ең бастысы, біз нақты ғылыми деректерге сүйене отырып, жаһандық тарихтағы өз рөлімізді байыппен әрі дұрыс пайымдауға тиіспіз». Бұл сөздерді әркім өзінің кәсібіне, өмірлік тәжірибесіне, дүниетанымына, ақыл-ойының өресіне қарай қабылдайды. Біреу үшін теориялық немесе методологиялық бағдар берсе, екіншілерге оптимистік көңіл-күй сыйлауы мүмкін. Басқа да себеп-салдары бары сөзсіз. Менің пайымдауымша, жоғарыда келтірілген дәйексөз, тіпті, бүкіл мақала Елбасымыздың өзіне тиесілі Конституциялық миссияны – елдің ішкі және сыртқы саясатын ғылым саласында анықтауды толық әрі мүлтіксіз орындағанын айғақтайды. «Ұлы Даланың жеті қыры» мақаласымен дәйектелген саясат бүкілхалықтық қолдау тапты. Сол себепті миллиондардың күнделікті практикалық ісіне айналды. Бұл жұмысты алты ірі жобалар – Архив-2025, Ұлы даланың ұлы есімдері, түркі әлемінің генезисі, Ұлы даланың ежелгі өнер және технологиялар музейі, дала фольклоры мен музыкасының мың жылы, тарихтың кино өнері мен телевизиядағы көрінісі аясында атқару қолға алынады. Түпкі нәтижесі тарихи сананы жаңғырту болмақ. Рухани жаңғыруда, қоғамдық сананы жаңғыртуда болжамды межеге тез арада, жылдам жетуге тырысу әрқашан өзін ақтай бермейді. Жеті рет өлшеп-пішіп, бір кескен ұтады. Асықпайық дегенге бөгеліп те қалмайық. Ғылыми зерттеу үдерісінде еңбекті ғылыми ұйымдастыра алғанның мерейі үстем түседі [2, 66 б.]. Сонымен қатар, ел аузында жүрген аңыз-әңгімелер мен жазбаша деректерге реттілік керек деп ойлаймын. Ауызша тарих

дегеніміз – ол адамдардың өз өмірлері туралы, өздері куә болған өткен оқиғалар туралы жазылып алынған естеліктер. «Ауызша тарих» ұғымы ең алғаш Америка және батыс зерттеушілері еңбектерінде орын алды. Оның түпкі тамыры тереңде болғанымен ғылым ретінде бой көтеруі екінші дүние жүзілік соғыстан кейінгі уақытқа жатады. Ауызша тарихта жеке адам биографиясы арқылы тұлға ролін анықтаудың маңызы зор. «Ауызша тарих» терминін Барбэ Оливелли (1852 ж.) алғаш рет ғылыми лексиконға енгізгенімен, 1948 жылы Колумбия университетінің профессоры Алан Невинс жұмыстарынан кейін кең тарады. Қазақстанда соңғы жылдарда ғана қолға алынуда. Қазақ қоғамының тарихын жаңа сапа және мазмұнда зерттеп білуде күнделікті тарих пен ауызша тарихтың жаңа методологиялық таным құралы ретінде маңызы ерекше. Өйткені ұлттың өткен жолы осы уақытқа дейін макротарих тұрғысынан зерттеліп және баяндалып келді, сондай-ақ ол кеңестік кезеңде дербес ғылым және білім саласы ретінде қалыптасып, белгілі себептерге байланысты идеологиялық тапсырыстарды орындауға тиісті болды. Ұлт тарихын, оның түрлі кезеңдер мен саяси жүйе жағдайында жүріп өткен жолын түрлі идеологияланған және саясаттанған талдаулар мен тұжырымдардан аршып алудың бірден-бір тиімді жолы тарихнаманың осы жаңа бағыттарына сүйену болса керек. Күнделіктілік тарихы соңғы жылдары қазіргі заманғы тарих ғылымында болашағы зор бағыттардың бірі ретінде танылуда. Бұрын тарихшылар тек әлеуметтік, экономикалық, саяси, демографиялық тарихпен, мәдениет тарихымен айналысса, қазіргі кезде зерттеудің негізгі нысаны ретінде Адам және оның тарихи үдерістердің әлеуметтік-экономикалық, саяси, конфессиялық, мәдени, т.б. факторларының әсерін қалай қабылдағаны алынып отыр. Адамдардың күнделікті өмірінен қоғамдағы әлеуметтік, экономикалық, саяси, мәдени үдерістердің бейнесі көрініс берсе, өз кезегінде, күнделікті өмір де қоғамға өзінің ықпалын тигізіп отырады. Адамның күнделікті өмірі мен қоғам арасындағы осы ықпалдастықты зерттеп, сараптау тарихи үдерістердің әртүрлілігін көрсетуге, өткен оқиғаларды қайта қарап, жаңа көзқарастар тұрғысынан қайта бағалауға мүмкіндік береді. Отан тарихнамасында да күнделікті тарих пен ауызша тарих бағыттары ұлт пен мемлекет тарихына қоғамдағы қарапайым адам өмірі тұрғысынан келу әрекеті ретінде қабылданғаны жөн. Басқаша айтқанда, қазіргі таңда әлеуметтік тарих жаңа мазмұнға ие болып, ендігі уақытта таптар, ірі әлеуметтік құрылым және институттармен қатар отбасы, әулет, шағын қауым сияқты әлеуметтік микро-құрылымдар тарихы да зерттеу объектісіне айналмақ. Тарихтың зерттеу нысанын өзгерту мақсатында кейінгі кезде қолға алынып жатқан тарихты саясаттан тыс, халықтың күнделікті өмірі тұрғысынан алып зерттеу, яғни ХХ ғасырдың орта тұсына дейін кең өріс алған макродеңгейдегі та-

рихтан соңғы мезгілде біршама екпін ала бастаған микродеңгейдегі тарихқа бет бұру – тарихты зерттеудегі қордаланып қалған мәселелердің түйінін шешіп, шынайы ақиқатқа жеткізетін бірден-бір жол болмақ деп ойлаймын. XX ғасырдың алғашқы жартысына дейін қоғамдық жағдай макро деңгейдегі тарихтың (мемлекет, ұлт, таптар тарихы) басымдылық алуына негіз болды. Тарихи ой осы бағыттағы және осы мазмұндағы тақырыптарды игеруге басымдылық берді. Бұл зерттеу әдісі мен бағытының әлсіз жақтары да болғандығын тарихшылар бүгінгі уақытта мойындап отыр. Алғашқы кезеңде теориялық негізді жаңарту, оқу материалын дайындаудың әдіснамасы мен әдістемесін жасау қажет. Мұның езінде де тарих саласындағы барлық ізденістерді тұтас қамтитын, сапалы деп есептелінетін бірғана әмбебап теорияны басшылыққа алудан, сондай-ақ тарихи зерттеуде бірқатар жеке мәселелерді ғана қарастырудан аулақ болған дұрыс. Бұл жағдайда ең тиімді тәсіл, біздің ойымша, қазіргі тарих ғылымының теориялық нәтижелеріне сүйене отырып, Отанымыздың өткенін, қазіргісін және келешегін бүкіл адам баласы дамуын қазіргі жалпы маңызды таным нормалары принципін сақтай отырып, тұтас қарастыру.

Жаһандану кезеңінде, ұлт тарихының мәдениеті мен құндылықтарын білу, насихаттау әрі сақтау елді бекемдеудің тікелей кепілі. Айтылып өткен мәдени құндылықтарымыздың қоғам санасының тарихи жаңаруы үшін Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев ұсынып отырған жобалар толықтай жауап беретіні анық. Оның ішінде, ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейінгі кезеңді қамтитын барлық отандық және шетелдік мұрағаттар дүниесіне елеулі іргелі зерттеулер жүргізу еліміздің тарихын түгендеуге мүмкіндік береді. Түркі әлемі ежелден Қазақстанды – күллі түркі халықтарының қасиетті қарашаңырағы ретінде мойындайды. Ал Түркістан халқымыздың рухани орталығы ғана емес, сондай-ақ, бүкіл түркі әлемі үшін киелі орын болып саналады деген сөздер әрбір қазақтың жүрегіндегі мақтаныш сезімін оятады деп ойлаймын. «Түркі өркениеті: түп-тамырынан қазіргі заманға дейін» атты жобаның аясында Түркістан қаласында, тарихи мұраларымыздың негізінде түркі әлемінің орталығын – музейін ашу, өткенмен қазіргі уақыттың тығыз байланысын көрсетумен қатар, келесі ұрпақ үшін де маңызы зор болар еді. «Рухани жаңғыру» бағдарламасының жалғасы болатын Елбасының тарихи сананы жаңғыртуға бағытталған ұсыныстары мемлекетіміздің нығаюына септігін тигізетініне толық сенімдімін. Өйткені тарихын білген ел ғана өткеннен сабақ алып, жарқын болашаққа жол тауып жетістіктерге жетеді [5, 12 б.].

Жалпы, мақаланы оқығандағы өз сезімім: қазақ елінің азаматшасы болғаным үшін кеудемді мақтаныш кернеді, әр тармағы ру-

хани байлық сыйлады. Әлем халықтары көз тіккен, қызыға қараған дүниелері біздің ұлы даламызда орын алған. «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы қазақ халқының өзге халықтардан ерекшелігі мен артықшылықтарын айтарлықтай көрсеткен. Сананы селт еткізер, серпіліс берер мағынаға толы. Демек, бұл жолдауды оқыған әрбір Қазақстан азаматы мол мұраны, өшпес тарихты бойына тағы бір мәрте қалыптастырды деп сенемін! Қазақстан тарихы мол, тұғыры биік мемлекет болып асқақтай берсін!

### Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Н. Назарбаев. «Ұлы даланың жеті қыры» // Егемен Қазақстан газеті. – 2018. – №223 (29454).
2. Ахметова С.Р., Ибраева А.М., Құлымбетова А.А., Мағзұмова А.С., Марқабоева А.М. Қазақстан тарихы. Жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған оқулық. – Астана «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2017. – 176 б.
3. Ж. Артықбаев. Қазақстан тарихы оқулық. – Астана: Фолиант, 2013. – 360 б.
4. Қаленова Т.С., Серубаева А.Т., Абдраманов Ж.С. Қазіргі Қазақстан тарихы: Хрестоматия. – Алматы: Реритет, 2010. – 560 б.
5. Ханкелді Әбжанов. Түркісан газеті. – 2018. – №48.

### References:

1. N. Nazarbaev. «*Uly dalanyn zheti qyry*» // Egemen Qazaqstan gazetі. – 2018. – №223 (29454). (In Kazakh.).
2. Ahmetova S.R., Ibraeva A.M., Qulymbetova A.A, Magzumova A.S., Marqaboeva A.M. *Qazaqstan tarihy. Zhalpy bilim беретin mekteptin 5-synybyna arналgan oqulyq.* – Astana «Nazarbaev Zijatkerlik mektepteri» DBBU, 2017. – 176 b. (In Kazakh.).
3. Zh. Artyqbaev. *Qazaqstan tarihy oqulyq.* – Astana: Foliant, 2013. – 360 b. (In Kazakh.).
4. Qalenova T.S., Serubaeва A.T., Abdramanov Zh.S. *Qazirgi Qazaqstan tarihy: Hrestamatija.* – Almaty: Reritet, 2010. – 560 b. (In Kazakh.).
5. Hankeldi Abzhanov. Turkisan gazetі. – 2018. – №48. (In Kazakh.).